

Ақкөл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 12 қарашадағы № С 51-3 "Ақкөл ауданының ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 тамыздағы № С 43-1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 тамызда № 7341 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 31 тамыздағы № С 8-5 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 31.08.2023 № С 8-5 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақкөл аудандық мәслихатының "Ақкөл ауданының ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы" 2015 жылғы 12 қарашадағы № С 51-3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5123 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2015 жылғы 25 желтоқсанда жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған шешіммен бекітілген Ақкөл ауданының ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл аудандық
мәслихат сессиясының
төрағасы

Ақкөл аудандық
мәслихат хатшысы

А.Моор

Ж.Салыбекова

КЕЛІСІЛДІ

Ақкөл ауданының әкімі

Ақкөл аудандық мәслихатының
2019 жылғы 22 тамыздағы
№ С 43 - 1 шешіміне
қосымша

Ақкөл ауданының ауылдық елді мекендердегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері

№ р/с	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері	Кадастрлық кварталының нөмірлері аймаққа кіретін ауылдық елді мекендердің атауы (ауылдық округтер бойынша)
1	2	3
I	2,0	01-001-005 Еңбек ауылы, Еңбек ауылдық округі
	2,0	01-001-006 Домбыралы ауылы, Кеңес ауылдық округі
	1,9	01-001-013 Новорыбинка ауылы, Новорыбин ауылдық округі
	1,97	аймақ бойынша орташа мағына
	1,6	01-001-011 Азат ауылы
	1,6	01-001-007 Красный Горняк ауылы, Кеңес ауылдық округі
	1,6	01-001-005 Малый Барап ауылы, Кеңес ауылдық округі
	1,6	01-001-002 Урюпинка ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,5	01-001-007 Кеңес ауылы, Кеңес ауылдық округі
	1,5	01-001-002 Талқара ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,4	01-001-008 Ақкөл орман шаруашылығы, (Ақкөл қаласының әкімшілік бағынысында)
	1,4	01-001-001 Наумовка ауылы, Наумовка ауылдық округі
	1,4	01-001-005 Рамадан ауылы, Еңбек ауылдық округі
	1,3	01-001-003 Ерناзар ауылы, (Ақкөл қаласының әкімшілік бағынысында)
	1,3	01-001-016 Қына ауылы, Қарасай ауылдық округі

II	1,3	01-001-010 Жалғызқарағай ауылы, Жалғызқарағай ауылдық округі
	1,46	аймақ бойынша орташа мағына
III	1,2	01-001-008 Радовка ауылы, (Ақкөл қаласының әкімшілік бағынысында)
	1,2	01-001-001 Кемеркөл ауылы, Наумовка ауылдық округі
	1,2	01-001-013 Құрылыс ауылы, Новорыбин ауылдық округі
	1,2	01-001-005 Табиғат ауылы, Еңбек ауылдық округі
	1,2	01-001-003 Амангелді ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,1	01-001-013 Қараөзек ауылы, Новорыбин ауылдық округі
	1,0	01-001-001 Өрнек ауылы, Наумовка ауылдық округі
	1,0	01-001-010 Қайнар ауылы, Жалғызқарағай ауылдық округі
	1,0	01-001-003 Ерофеевка ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,0	01-001-002 Малоалександровка ауылы, Урюпинка ауылдық округі
	1,0	01-001-024 Сазды бұлақ ауылы, Қарасай ауылдық округі
	1,0	01-001-010 Тастыадыр ауылы, Жалғызқарағай ауылдық округі
	1,0	01-001-015 Қарасай ауылы, Қарасай ауылдық округі
	1,08	аймақ бойынша орташа мағына

